



Алматы қ.

2019ж. 29 қараша

БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗ

## **VTB Қазақстанның алтын өндіру секторының компаниялар тобын 470 млн еуроға дейін қаржыландырды**

VTB тобы Қазақстанның алтын өндіру секторының компаниялар тобына («АК Алтыналмас» АҚ, «ТКМК ҚАЗАҚАЛТЫН» АҚ, «Қазақалтын Technology» ЖШС, «Ақсу Technology» ЖШС) көлемі 470 млн еуроға дейінгі шоғырландырылған қарыз берді. Қаржыландыру жаңа кәсіпорындар салу және активтер базасын кеңейту арқылы бизнесті дамыту жөніндегі топтың бастамасы шеңберінде берілді. Алынған қаражат «Алтыналмас АК» АҚ компаниясының «ҚАЗАҚАЛТЫН ТКМК» АҚ акцияларының бақылау пакетін сатып алуына, қуаты жылына 5 миллион тонна кенді құрайтын Ақсу жобасын іске асыруға және компанияның қарыз қоржынын оңтайландыруға жұмсалады.

Бұдан басқа, VTB Капитал «Алтыналмас АК» АҚ-ның «ҚАЗАҚАЛТЫН ТКМК» АҚ-дағы бақылау үлесін сатып алу бойынша қаржы кеңесшісі болды.

**Айдар Калиев**, Орталық Азиядағы операциялар жетекшісі, VTB аға вице-президенті: «Қазақстанның алтын өндіру саласы дамудың маңызды әлеуетіне ие! «Алтыналмас АК» АҚ – осы нарықтағы жетекші компаниялардың бірі. VTB тобы күрделі қаржы құралдарын пайдалана отырып кешенді мәмілелерді құрылымдау бойынша үлкен сараптауға ие. M&A мақсаттары үшін қаржыландыруды ұсынуды, топтың кредиттік портфелін қайта қаржыландыруды және жобалық қаржыландыруды қоса алғанда, осы мәмілені жүргізу екі кәсіби команданың үйлесімді жұмысының табысты мысалы болып табылады. Біздің бірлескен күш-жігеріміздің нәтижесі ретінде «Алтыналмас АК» АҚ компаниясының табысты дамуы болады деп сенемін деп атап өтті.

«Біздің алтын өндіретін бизнестің даму стратегиясы таяу уақытта жаңа жобаларды дамыту, сондай-ақ сатып алу және органикалық өсу арқылы активтер базасын кеңейту арқылы серпінді өсуді көздейді. Бұл жоспарлар қорландыру көздерін диверсификациялауды талап етеді және VTB сияқты капитал нарығының ірі ойыншысымен ынтымақтастықты бастау бізге бизнесті дамыту стратегиясында көзделген міндеттерге қол жеткізуге қосымша сенім береді», – деп түсіндірді «Алтыналмас АК» АҚ **Директорлар кеңесінің төрағасы Владимир Джуманбаев**.

«Біз VTB банкі тарапынан бізге көрсетілген сенімді жоғары бағалаймыз және біздің ынтымақтастығымыз Қазақстанның алтын өндіру секторын дамытудағы маңызды кезең болады деп сенеміз. Менеджментте алтын өндіру саласындағы ауқымды жобаларды салу мен пайдаланудың қажетті (стратегиялық мақсаттарға жету үшін) тәжірибесі бар және біз алдымызда тұрған міндеттерге сеніммен

қараймыз және оларды жүзеге асыруға дайынбыз», – деді **«Алтыналмас АҚ» АҚ президенті – Басқарма Төрағасы Дияр Канашев.**

**Ақпараттық анықтама:**

**ВТБ тобы** – жиырмадан астам елде қаржы нарығының барлық негізгі сегменттерінде жұмыс істейтін 20-дан астам кредиттік және қаржылық компанияларды қамтитын халықаралық қаржы тобы. **Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ** қызметінің толық спектрін және жеке және заңды тұлғаларға ұсына отырып, Қазақстан нарығында 10 жыл жұмыс істейді. ВТБ тобының Қазақстандағы басты клиенттері – елдің ұлттық экономикасының негізін құрайтын тау-кен өндіру, электр энергетикасы және мұнай-газ салаларындағы ірі компаниялар. ВТБ тек кредитор ғана емес, сонымен қатар Ресейдегі қазақстандық компаниялардың жобаларын дамыту бойынша кеңесші болып табылады. Банк филиалдары жеке тұлғаларға, орта және шағын, сондай-ақ корпоративтік-инвестициялық бизнеске банктік қызметтердің барлық түрлерін ұсына отырып, елдің барлық өңірлерінде жұмыс істейді. Банк кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған 12 мемлекеттік бағдарламаның белсенді қатысушысы болып табылады. S&P халықаралық рейтинг агенттігінің нұсқасы бойынша қазіргі уақытта Банк ВТБ (Қазақстан) қазақстандық банктер арасында ең жоғары кредиттік рейтингтердің бірі бар. ҚР Ұлттық Банкінің 2019 жылғы 16 сәуірдегі №1.2.14/39 лицензиясы.

Қазіргі уақытта **«Алтыналмас АҚ» АҚ** Қазақстан Республикасының үш өңірінде активтері бар: Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы «Пустынное» жобасы, Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы «Ақбақай» жобасы, Шығыс Қазақстан облысындағы «Мизек» кен орны. Ақмола облысындағы «ҚАЗАҚАЛТЫН ТКМК» АҚ нысандары Қазақстандағы «Алтыналмас АҚ» АҚ-ның төртінші аймағы болады.

**Қосымша ақпарат алу үшін баспасөз қызметтеріне хабарласыңыз:**

Банк ВТБ (Қазақстан):  
Арина Пирогова  
[a.pirogova@vtb-bank.kz](mailto:a.pirogova@vtb-bank.kz)

«АК Алтыналмас» АҚ  
Асель Уразова  
[Assel.Urazova@altynalmas.kz](mailto:Assel.Urazova@altynalmas.kz)